

ӘОЖ 657

## **ТЕҢГЕ ТАРИХЫ: ДЕВАЛЬВАЦИЯ**

**А.С Үйісбек, Ж.Н Әділбек, М.М Әбілова**

[abylaiuisbek@gmail.com](mailto:abylaiuisbek@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Экономика факультетінің 2 курс студенттері, Нұр-Сұлтан қ, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі- Б.О.Қайранбеков


Қазақстан Республикасының азаматтары девальвация деген сөзді жиі естиді. Бірақ барлығы бұл сөздің мағынасын түсінебермейді. Алдымен девальвация дегеніміз не, соғантоқталсақ, Девальвация – халықаралық қардын арығында ұлттық ақша бірлігінің тұрақтақ ұндылығының заңды дәрежеде құнсыздануы.[1] «Девальвация» түсінігі Еуропа елдерінде Алтын стандарт кезінде пайда болды. Содан кейін банкнот алтынның белгілі бір номиналына сәйкес келді. Бұл жүйе бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар кезінде тоқтатылды. Арсеналға ақша көп қажет болды. Мемлекет оларды алтын ресурстарынан қолдау іздемейтін етіп басып шығарды. Нәтижесінде ақша жай ғана құнсызданды. Бұл

девальвацияның алғашқы толқыны болды.

Қазіргі әлемде девальвация дегеніміз - ең алдымен ұлттық валютаның тұрақты валютаға қатысты құнсыздануы. Яғни, еркін айырбасталатын (тұрақты валюталық операциялар бойынша шектеулер жоқ) тұрақты бағамға ие. Девальвацияны деноминациямен, яғни банкноттың номиналының өзгеруімен немесе инфляциямен, ұзақ уақыт бойы тауарлар мен қызметтерге бағалар деңгейінің өсуімен шатастырмау керек.

Деноминация атауы девальвациямен байланысты, бұл ең жағымсыз сценарийдегі мемлекеттің шарасыздығынан жасалатын іс-әрекеті. Мәселен, сіздің еліңізде бір доллар жергілікті валютада ондаған мың бірлікті құрап отыр. Ұлттық банктің банкноттардың номинациясын азайтуынан басқа нәтижелерді алып тастауынан басқа амалы қалмайды. Сондай-ақ ревальвация деген ұғым бар - кері девальвация процесі - бір валютаның екіншісіне қатысты құнының өсуі.[2]

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы теңгенің айналымға шыққанына биыл 27 жыл болды. Қазақстан теңгесі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтің жарлығы бойынша 1993 жылы 15 қарашада айналысқа енді. Ескі ақшаны теңгеге айырбастау 1993 жылдың 15 қарашасында сағат 08:00 ден басталып, 20 қараша күні сағат 20:00 де аяқталды. Теңге айналымға алғаш шыққанда, 1 АҚШ доллары 4,75 теңге болып бекітілді. 27 жылдың ішінде валюта бағамында өте үлкен өзгерістер болып теңгеміз алғашқы кезіне қарағанда құндылығын 94 есе жоғалтты.(1-сурет).



1-сурет. ҚР Ұлттық валютасы теңгенің АҚШ долларына қатысты 1993-2020 жылдар аралығындағы айырбас бағамы[3]

Ұлттық валюта алғашқы девальвациясын көп ұзамай бастан өткізді. Шынында 1 АҚШ доллары 4,75 теңге болып ұзақ уақыт тұрмады, бұл бағам 1,5 ай сақталып 1994 жылдың қаңтар айында 10 есе жоғарлады. Бірақ бұл девальвацияны еліміз жеңіл өткерді. Оған басты себеп біріншіден бұл кезде халық жаңа валютаға бой үйрете қоймаған еді. Екіншіден бұл уақыттарда көп адам доллар пайдаланбады.

Қазақ елі девальвацияның екінші толқынын 1999 жылы басынан өткерді. Екінші девальвация 1994 жылғы жағдайға қарағанда зәлдегер болды. Ел азаматтары девальвацияның не екенін осы кезеңде сезінді. Аталған жылдың сәуір айында валюта бағамы 1 АҚШ доллары 85 теңгеге тең болды. Ал 4-ші сәуір күні барлығы өзгерді. 1 АҚШ доллары теңгеге шаққанда 85 теңгеден 160 теңгеге көтерілді, ал тамыз айында 135 теңгеге тұрақтады. Бұл кезде Ұлттық Банктің тізгінін ұстаған Кадыржан Дамитов болды.

Девальвацияның басты себебі ретінде еліміздің экспорттық әлеуетін қолдау мен экспорт көлемін арттыруға және теңге бағамын ұстауға кететін алтын-валютта қорын «жағуды» тоқтату үшін қалқымалы валюта бағамын енгізу деп түсіндірілді. Бұндай қадамға баруының себебінің бірі елдің сыртқы сауда айналымы 9%-ға немесе 1,3 млрд долларға, экспорт – 1,25 млрд АҚШ долларына кемуі болды.

Девальвацияның орыналуына:

- Мұнай бағасының төмендеуі;
- 1997-1998 жылдардағы азиядағы қаржылық дағдарыс;
- 1998 жылғы Ресейдегі дефолт алғышарт болды.

Екінші девальвациядан кейін елімізде экономикалық даму орындалды, қаржылық жағдай тұрақтала бастады.

Үшінші девальвация 2009 жылы орындалды. Девальвация орындалардан бұрын ел ішінде девальвация жайлы қауіпсөздер жүрген болатын. Бірақ Ұлттық банк төрағасы бұл ақпаратты жоққа шығарды.

Теңгенің бағамының құлдырауы 2009 жылғы 4-ші ақпан мен 5-ші ақпанда орын алды – 1 доллар құны 121,0 теңгеден 149,97 теңгеге дейін көтерілді. Ұлттық валюта 23,9% құнсызданды.

Содан бастап 2014 жылдың 12 ақпанына дейін, теңге одан әрі девальвацияға ұшырады, бірақ ол девальвация баяу орын алды, осы кезеңде теңге тағы 9,3% құнсызданды.

2009 жылы теңгенің құнсыздану себептері:

- Мұнайдың баррелінің бағасы 2008 жылғы дағдарысқа байланысты болған 143,95 доллардан (2008 жылғы 3 шілдедегі) 33,73 долларға дейін (2008 ж. 26 желтоқсанда) немесе 4,27 есеге төмендеді.

Тиісінше, кейбір негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер нашарлады.

- 2009 жылы Қазақстанның экспорты 71,9 млрд. Доллардан (2008 ж.) 43,0 млрд. Долларға дейін - 38,9% төмендеді.

- Импорт 24,7% - ғанемесе 28,9 млрд долларға азайды.

- Сонымен бірге, елдің сыртқы қарызы 107,9 миллиард долларға дейін өсті.

- 2009 жылдың басында елдегі жинақталған резервтер: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде (алтын-валюта резервтері - алтын-валюта резервтері) - 19,7 млрд. Доллар, Ұлттық қорда - 22,3 млрд.

Осылайша, 2009 жылғы девальвацияға Қазақстан Республикасының төлем балансының дағдарысы (мұнайға келіп түскен валютаның күрт төмендеуі), екінші жағынан, белгіленген валюта бағамы бойынша сыртқы қарыздың ұлғаюы себеп болды.

Теңгенің айырбастау бағамындағы екінші құлдырау 2014 жылғы 12-13 ақпанда орындалды. Долларға қатысты ұлттық валюта 163,9-дан 184,5-ке дейін төмендеді, ал теңгеге тағы 13,0% құнсызданды.

Кезекті девальвация 2014 жылы орындалып ел арасында «Қарасейсенбі» аталып кетті. Сол кезде Ұлттық Банк тізгінін ұстаған Қайрат Келімбетов болды. Долларға қатысты ұлттық валюта 163,9-дан 184,5-ке дейін төмендеді, ал теңгеге тағы 13,0% құнсызданды. [4]


2014 жылғы девальвацияның себептері:

Ұлттық банк пен үкіметтің бұл девальвацияның орыналуының нақты себептері болмағанын бірден атап өтуге болады. 2008-2009 жылдардағы дағдарыстан кейін мұнай бағасы тағы көтерілді. (2-сурет).

2012 жылдың 13 наурызында мұнай бағасы жаңашың ғажетті - барреліне 128,14 доллар. Мұнай бағасы 2014 жылғы 19 маусымда тағы бір максимум ғажетті - \$ 115,19. Тек 2015 жылдың 13 қаңтарында ол баррель үшін 45,13 долларға дейін төмендеді.

Яғни, мұнайдың жоғары бағасы теңгенің осы девальвациясына дейін де, одан кейін де қалды. Сонымен, мұнайдың орташа жылдық бағасы 2013 жылы 108,6 долларды, ал 2014 жылы баррель үшін 98,9 долларды құрады.

Елдің экспорттың кірісі де ең жоғарғы деңгейге жетті: 2013 жылы - 85,6 миллиард доллар, 2014 жылы - 80,3 миллиард доллар. Төлем балансының ағымдағы шоты оң болды: 2013 жылдың аяғында - 1,2 миллиард доллар, ал 2014 жылдың соңында - 6,1 млрд доллар. Ол кезде бізді тек мұнайдың болашақта бағасы не болатыны алаңдатты.



2-сурет. Brent – Еуромаркалымұнайдың орташа айлық бағасының 15.01.06 - 15.01.20 аралығында өзгеруі (АҚШ долларымен)[5]

Бірақ 2014 жылы сыртқы қарыз 157,6 миллиард долларға жетті, ал 25,1 миллиард АҚШ доллары оған қызмет көрсету үшін төлем балансынан шығарылды (пайыздарды төлеу, ішінара өтеу). Төлем балансының «қателіктері мен жіберіп алушылықтары» бабы 9,0 млрд. долларға дейін өсті.

Шындығында, капиталдың елден алып қашуы орындалды. Мерзімінен бұрын девальвацияны болжау үшін жеткілікті негіздер болған жоқ. Теңгенің осы девальвациясынан белгілі бірайыр бастау бағамының на шарекенін де анықтауға болады, өйткені ол шенеуниктердің қолында.

Кезекті теңгенің құлдырауының басталуы 2015 жылдың 20 тамызында болды, сол кезде ҚҰБ ұлттық валютаны еркін айналымға жіберетінін мәлімдеді.

2012 жылғы 21 тамызда теңгенің айырбас бағамы бірден бір доллар үшін 188,38-ден 255,26 теңгеге дейін көтерілді. Бір күнде теңге 36 пайызға арзандады. 2015 жылғы тамыздан желтоқсанға дейін теңге бір доллар үшін 188,38-ден 349,12 теңгеге дейін құнсызданды. Небәрі төрт айда ол 85,3% құнсызданды. Бірақ теңгенің құлдыраушыңы бір доллар үшін 383,91 теңгеге дейін құнсызданған кезде, 2016 жылдың 22 қаңтарына келеді.[5]

Теңге бағамының құлдырауы 2020 жылы да орындалды. Валюта бағамы 1 АҚШ доллары үшін 445 теңгеге дейін өсті.

Мұндай өзгеріске дәл қазір әлемде болып жатқан жағдайлар әсер етті. Негізгі себеп:

- Мұнай дағдарысы. Мұнай бағасының құлдырауы. Мұнай арзандады. Ірі мұнай экспорттаушы елдер бір келісімге келе алмады. Саудиялықтар бірден мұнай сатуды ұйымдастырып, өндіріс көлемін ұлғайтуды жалғастырып, басқа мұнай өндіруші елдерде бәсекелестік үшін мұнай өндіру көлемін арттыра түсті. Ресей де экспортты ұлғайтты.

COVID-19 теңге құлдырауының катализаторы болды. ДДСҰ (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы) 11 наурызда індет (пандемия) деп жариялаған коронавирустық инфекция 114 мемлекетке таралып кеткен. Қазақстанда да төтенше жағдай жарияланды. Шамамен айтқанда, елдердің экономикалары тоқтап қалуына, көлік қозғалысының азаюы, аз отын тұтынуы, аз өндіруге байланысты – мұнайға деген сұраныс 60% дейін төмендеді. Мұнай бағасы баррельіне 25 долларға дейін арзандады.

Қазір мұнай экспорттаушы елдерде мұнай артықшылығы орын алып отыр. Сатушылар көп, бірақ мұнайдың ликвидтігі өте төмен.[6]

Президент, Қазақстан Үкіметі және Ұлттық Банк қазірдің өзінде көптеген іс-шараларды қолға алып жатыр:

- әлемдегі экономикалық жағдайдың нашарлауына байланысты ел экономикасына теріс әсерді азайту мақсатында дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспарын әзірлеу үшін Премьер-Министр басқаратын жедел штаб құрылды;

- жаңа жұмыс орындарын құрудың арнайы жоспарын дайындау қолға алынды;

- бюджеттік емес шығыстарды азайту, өңірлерде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, елдің валюта-қаржы нарығын тұрақтандыру, республикалық және жергілікті бюджеттерді оңтайландыру бойынша шаралар қабылданатын болады;

- Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар, әсіресе әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен қызметтерге бағаның негізсіз өсуіне жол бермеуге ерекше назар аударатын болады. Азаматтардың еңбек құқықтарының сақталуын қатаң бақылау қамтамасыз етіледі, оның ішінде қызметкерлер санының қысқаруына жол берілмейді және жалақының уақтылы төленуі қамтамасыз етіледі.

- Ұлттық Банктің тиісті ресурстары бар және базалық мөлшерлемені көтеру және бара бар айырбастау бағамы саясатын жүргізу арқылы ақша-кредит саясатын қатайту арқылы бағаның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдайды. Бұл шаралар инфляцияның жеделдеуін шектеп, ұлттық валютаның шамадан тыс құбылмалылығына жол бермейді.

- Валюта нарығының тұрақтануын және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін Ұлттық Банк қажетті валюталық интервенцияларды жүзеге асырады. Ұлттық Банкте алтын валюта активтерінің жеткілікті көлемі, сондай-ақ теңгенің бағамына қатысты алып-сатарлық операциялардың алдын алу үшін қажетті құралдар, оның ішінде реттеуші құралдар бар. Қаржы рыногын реттеу және дамыту агенттігі қаржы нарығындағы тұрақтылықты сақтау үшін шаралар қолданады.

- Үкімет пен Ұлттық банктің күтіліп отқан жағымсыз салдарлардың алдын алуға және Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз етуге қажетті ресурстары жеткілікті екенін мәлімдеді.[7]

Қорыта келе, елімізде теңгенің құлдырауы негізінен мұнай бағамына байланысты, өйткені еліміздің экономикасының 80%-ы мұнайға тәуелді екенді мәлім. Мемлекетіміздің бюджетінің негізгі кірісін қамтамасыз етіп отырған бұл мұнай-газ өндіруші компаниялар. Соған сәйкес мұнайдың бағасы төмендеген жағдайда, теңге құнсызданады.

Жалпы елімізде ішінара салаларды дамытпағанша, яғни импортқа тәуелді болып қала берсек, теңге бағамын бір қалыпта ұстай да, бақылай да алмаймыз. Теңгенің құнсыздануы, яғни девальвацияның орын алуы елдің экономикасы мен халықтың әлеуметтік жағдайына тигізер зардабы көп. Елімізде өнеркәсіп салалары жақсы дамымағандықтан, өзіміздің отандық тауарларға деген сұраныс өте төмен деңгейде. Яғни біз көбінесе шетелдік шикізаттар, жабдықтар мен техникаларды, жалпылай күнделікті күнге қажетті тауарларды қолданамыз. Ал теңгенің құнсызданған жағдайында бұл тауарлардың бағасы да шарықтай түседі. Соған сәйкес халықтың сатып алу қабілетті де төмендейді.

Жаһандық жағдайдың қиындауы, Қазақстанның ЖІӨ-не әсер етеді. Экспорттайтын тауарлар, оның ішінде мұнай мен металдар бағасының төмендеуі, теңгенің құнсыздануына және экспорттық кірістің азаюына алып келеді. Сондықтан теңге бағамын бір қалыпта тұруы үшін, әсер етуші факторларды сараптап, ескеру қажет.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1) Уикипедиа Ашық энциклопедиясы <https://wikipedia.org>
- 2) Аналитикалық интернет-журнал <https://vlast.kz/>
- 3) Аналитикалық газет <https://www.anaga.ru/>
- 4) Аналитикалық интернет-портал <http://ratel.kz>
- 5) U.S. Energy Information Administration <https://www.eia.gov/>
- 6) Shopomania.kz - Пайдалы сайт <https://shopomania.kz/>
- 7) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы <https://primeminister.kz>